



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
депутаттары –
«Ақ жол» Қазақстан
Демократиялық партиясы
фракциясының мүшелеріне

2021 жылғы 10 қарашадағы № ДС-320

Құрметті депутаттар!

Газ, мұнай өнімдері және көмір нарығының кейбір мәселелеріне қатысты депутаттық сауалды қарастырып, келесіні хабарлаймыз.

Газ бағасының өсуіне қатысты

2020 жылғы желтоқсан айында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының жекелеген ережелерін іске асыру мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды, оның шеңберінде **2022 жылғы 1 қаңтардан бастап газ желісі ұйымдарын аккредиттеу институтының күшін жоя отырып, сұйытылған мұнай газын (бұдан әрі – СМГ) электрондық сауда алаңдарына (бұдан әрі – ЭСА) кезең-кезеңімен өткізу туралы тиісті түзетулер енгізілген, сондай-ақ және ЭСА арқылы жеткізу үшін мәлімделетін СМГ үлесінің мөлшерін келісу бойынша Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) құзыреті көзделген.**

Анықтама: Энергетика министрлігі Агенттікпен графикті келісті, онда СМГ-ны 2021 жылдың соңына дейін СМГ-ны іске асырудың жалпы көлемінің 80%-ына дейін ЭСА-ға кезең-кезеңімен көшіру көзделген (СМГ-ны мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланатын өнеркәсіптік тұтынушылар және топтық резервуарлық қондырғылар арқылы СМГ-ны тұтынатын абоненттер үшін СМГ-ны өткізуді қоспағанда).

Қолданыстағы тетіктен СМГ-ні ЭСА арқылы толық іске асыруға көшу нарықтың барлық қатысушылары үшін тікелей өндірушілерден СМГ көлемдерін сатып алуға тең және кемсітпейтін жағдайлар жасауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл бәсекелестікті дамытуға ықпал етеді, нарыққа тиімсіз делдалдардың әсерін қысқартуға мүмкіндік береді, сондай-ақ, шағын орта бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Ағымдағы жылғы қарашада СМГ-ны ЭСА арқылы өткізудің жалпы көлемінің үлесі 70%-ды құрады.

ЭСА-дан тыс өткізілетін СМГ-ға Энергетика министрлігі тоқсан сайын бекітетін көтерме шекті баға бойынша беріледі (2021 жылғы 4 тоқсанға баға қосылған құнға салынатын салықсыз 38 701 тг/тонна деңгейінде бекітілді).

Өз кезегінде, ЭСА арқылы өткізілетін СМГ бағасы сұраныс пен ұсыныс негізінде қалыптасады.

Бұл ретте, бүгінгі күні СМГ ішкі нарығын қамтамасыз ету және баға белгілеу тетігін жетілдіру жөніндегі барлық қажетті шаралар қабылданып жатқанын хабарлаймыз.

Осылайша, «Электрондық сауда аландары арқылы сұйытылған мұнай газы сауда-саттығын ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы «Энергетика министрінің 2018 жылғы 6 желтоқсандағы № 481 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығының жобасы әзірленді.

Дизель отынымен қамтамасыз етуге қатысты

Ішкі нарықта дизель отынының төмен бағасы тұтынудың күрт өсуіне әкеп соқты, оның ішінде транзиттік көліктің дизель отының құю, мұнай базаларынан көлеңкелі ағылу есебінен. Негізгі шыңы 2021 жылдың тамыз – қыркүйек айларына келді, ай сайын шамамен 520 мың тонна.

Нәтижесінде ішкі нарықта отынның жетіспеушілігі және шекаралас мемлекеттер экономикасының жанама субсидиялау пайда болады.

Бұрын қабылданған шаралармен қатар, бүгінгі күні ішкі нарықты дизель отынымен қамтамасыз ету үшін Үкіметпен келесі жұмыс жүргізілді:

- «АМӨЗ» ЖШС-нің жоспарланған жөндеу жұмыстары 2022 жылға ауыстырылды;

- ағымдағы жылғы қазан айында «АМӨЗ» ЖШС мен «ПҚОП» ЖШС 100 мың тонна көлемінде қосымша мұнаймен толтырылды, бұл өз кезегінде желтоқсан айының бірінші он күндігінде қосымша 29 мың тонна дизель отының өндіруге мүмкіндік береді;

- «ПНХЗ» ЖШС-інде мұнайдың бастапқы өңдеу кешенінің жөндеу жұмыстары ауыстырылды, бұл өз кезегінде ағымдағы жылғы қазан айының бірінші он күндігінде қосымша 30 мың тонна дизель отының өндіруге мүмкіндік берді;

- Ресей Федерациясынан 100 мың тонна дизель отының жеткізу туралы уағдаластыққа қол жеткізілді, оның 43,5 мың тоннасы қыркүйек айында, ал 1 – 20 қазан аралығында шамамен 64,5 мың тонна жеткізілді.

Бұдан басқа, ағымдағы жылғы тамыз айында АЖҚС-тың ірі желісімен Ресей Федерациясынан дизель отының жеткізу бойынша жұмыстарды тездету туралы кеңес өткізілді.

Сондай-ақ, ағымдағы жылғы 12 қазанда бұл мәселе Үкімет отырысында қаралды, оның қорытындысы бойынша мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға ірі мұнай базаларына қатысты дизель отының өткізуді жасанды шектеу мәніне тексеру жүргізу, сондай-ақ барлық мұнай базаларын нақты уақыт режимінде жанар-жағармай материалдары қалдықтарының

деңгейін қадағалауға мүмкіндік беретін автоматты деңгей өлшеуіштермен жарактандыру мәселесін пысықтау тапсырылды.

Сондай-ақ бүгін ішкі нарықты реттеу бойынша тұжырымдамалық тәсілдер пысықталуды.

Сонымен қатар, «Еуразиялық экономикалық одақ туралы келісімнің ортақ қағидаттары мен ережелері туралы» хаттамаға сәйкес Одақтың мүше мемлекеттерінде мұнай өнімдеріне мемлекеттік бағаны реттеуге жол берілмейтінін атап өтеміз.

Авиа отынмен қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты

Ішкі нарықты авиа отынмен қамтамасыз ету үшін ағымдағы жылдың қазан айында мүдделі мемлекеттік органдардың, ресурс ұстаушылардың, сондай-ақ авиакомпаниялар/әуежайлар өкілдерінің, сондай-ақ отын импорттаушылардың қатысуымен кеңес өткізді, оның қорытындысы бойынша **авиакомпаниялар мен әуежайларға авиациялық отынды басымдықпен жөнелту туралы шешім қабылданды.**

Биржалық бағаларға қатысты қазіргі кезде бір сауда сессиясы кезінде базалық деңгейден 2%-ға көтерілу шектеулеріне байланысты биржадағы бағалар нарықтық конъюнктураны көрсетпейтінін атап өтеміз. Шілдеден қазанға дейінгі сауда-саттық кезеңінде баға 1 тоннасына 200 мың теңгеден 256 мың тоннаға дейін өсті. Алайда ағымдағы жылғы 8 қарашада Биржалық комитеттің шешімімен баға 1 тоннасына 220 мың теңгеге дейін төмендетілді.

Ағымдағы жылғы қарашада орташа айлық тұтыну а.ж. 10 ай үшін 53,4 мың тонна болған кезде керосин өндірісінің көлемі шамамен 46 мың тоннаны және желтоқсанда 56 мың тоннаны құрайды.

Алдын ала ақпарат бойынша, «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ Орск МӨЗ-і өндірген 10 мың тоннаға жуық авиа керосинге қол жеткізді. Сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қараша-желтоқсан айларында әуежайларға 15-20 мың тонна көлемінде авиа отынды импорттауға жәрдем беруде.

Бүгінгі күні барлық МӨЗ-дер тәулік сайын авиациялық отын өндіре отырып және ішкі нарыққа уақтылы жөнелте отырып, штаттық режимде жұмыс істеуде.

Көмірмен қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты

Ресми статистикаға сәйкес 2021 жылғы қаңтар-қазанда 89,3 млн тонна көмір (көмір концентратын қоспағанда) өндірілді, бұл өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 101,4%-ды құрайды.

Осы кезеңде көмірді елдің ішкі нарығына:

- энергия өндіруші кәсіпорындарға 48,8 млн тонна;
- өнеркәсіп кәсіпорындарына 5,3 млн тонна;
- коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге және халыққа 7,9 млн тонна көмір жөнелтілді.

Күзгі-қысқы мезгілде көмірді түсіруге өтініштердің өсуіне байланысты «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» «Қазақстан Темір Транс» АҚ-ның 16 мыңнан астам вагондарды жүк тасымалдаушыларды жылжымалы құраммен уақтылы қамтамасыз етті.

Әкімдіктердің мәліметтері негізінде 2021 – 2022 жылдар кезеңіне арналған коммуналдық-тұрмыстық сектор және халық үшін көмір өнімін тұтыну жоспарын қалыптастырды.

Осы жоспарға сәйкес тұтыну көлемі шамамен 9,3 млн тоннаны құрады, оның ішінде коммуналдық-тұрмыстық секторға шамамен 3,0 млн тонна, халыққа – 6,3 млн тонна.

2021 жылғы 30 қарашадағы жағдай бойынша жоспарға қатысты (2021 жылғы 1 мамырдан бастап 2022 жылғы сәуірге дейін) көмір қорымен қамтамасыз ету: коммуналдық-тұрмыстық сектор 97,7%; халық 94,8%-ды құрады.

Бұдан басқа, Ақмола, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының халқы үшін көмір жөнелту жоспары пысықталды.

Бұдан басқа, әкімдіктердің өтініштері бойынша көмір өндіруші кәсіпорындар «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-мен бірге халыққа көмір жөнелтудің көлемін ұлғайтуда.

Көмірге деген баға құрылымы нарықтық қатынаста қалыптасатының атап өту қажет. Осылайша, түпкілікті тұтынушы үшін көмір бағасының айтарлықтай өсуіне бөлшек саудасы әсер етеді.

Сонымен қатар, бүгінгі күні тауар биржаларының қызметін реттеуді жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Осылайша, Биржалық комитетімен коммуналдық-тұрмыстық көмірді тауар биржалары арқылы өткізу бойынша секциялық қағидалары бекітілді.

Тауар биржалары арқылы міндетті түрде сатылуға жататын көмірдің ең аз үлесі коммуналдық-тұрмыстық көмірдің жалпы жылдық көлемінің 10%-ын құрайды.

Көмірдің қалған 90%-ын көмір өндіруші компаниялар өз шарттарына сәйкес (тікелей келісімшарттар, биржалық сауда-саттықтар) өткізуге құқылы.

Аталған үлестер объективті нарықтық баға индикаторларын қалыптастыруға мүмкіндік береді (монополиялық жоғары емес және төмен емес бағалар).

Бұдан басқа, өңірлік операторларға қойылатын талаптар бөлігінде ұсынымдарды әзірленді, оның шеңберінде операторлар сауда-саттыққа делдалдарсыз тікелей қатысады және көмірді түпкілікті тұтынушыға сатады.

Айтылғанды ескере отырып, газ, мұнай өнімдері және көмір нарығында тұрақты жағдайды қамтамасыз ету мәселелері Үкіметтің бақылауында екенін атап өтеміз.

Р. Скляр